

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің
Қазақстан Республикасы мемлекеттік материалдық резервтің
материалдық құндылықтарын (жаңарту және броньнан шығару
тәртібімен) шығару жөніндегі тендерлік комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.
Янушкевич көшесі, 2

2015 жылғы 9 желтоқсан
сағ.11.20

Тендерлік комиссия құрамы: А.Т. Қадырбеков – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының м.а., тендерлік комиссияның төрағасының м.а.,

комиссия мүшелері: С.К. Сабырбаева – ММРК төраға орынбасары, Н.Ғ. Айғараев – ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасы басшысы, Е.Е. Арпабаев – ММРК Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы, Д.А. Нұрқанов – ММРК Бухгалтерлік есеп және қаржы басқармасы басшысы, М.Ж. Орынбаев – ММРК «Резерв» РМК Бас директоры, Т.А. Лигай – ММРК «Резерв» РМК Бас директорының бірінші орынбасары, Е.А. Қиялбеков – ММРК «Резерв» РМК Бас директорының орынбасары, Н.М. Иманбаев – ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының бас сарапшысы, тендерлік комиссия хатшысы.

(Қатыспаған: А.Ә. Сәду – ММРК төрағасы, тендерлік комиссияның төрағасы, демалыста).

Күн тәртібі:

2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі № 3 және 4 лоттардың кесімді бағасын кезең-кезеңімен 10 %-ға төмендету.

Күн тәртібі мәселесін қарау мен талқылау нәтижесінде тендерлік комиссия ашық түрде дауыс беру арқылы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларына, сондай-ақ ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 40-04-18/191вн қызметтік жазбасына сәйкес, 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі № 3 және 4 лоттардың кесімді бағалары 10 %-ға төмендетілсін.

2. 2015 жылғы 9 желтоқсандағы өзгерістерді есепке ала отырып 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын



мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Ғаламтор-қорында (www.kgmr.gov.kz) жариялансын. Бұл ретте 2015 жылғы 9 желтоқсандағы өзгерістерді есепке ала отырып, № 6, 10, 11, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27 лоттардан басқа 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі (www.kgmr.gov.kz) сайтқа орналасқаннан бастап күнтізбелік 15 күн өткеннен кейін үміткерлердің өтінімдері қарастырылатын болады.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

Тендерлік комиссия отырысында аудио-видео жазбалары жүргізілді (қосымшамен ұсынылады).

Тендерлік комиссия отырысы 2015 жылғы 9 желтоқсандағы сағ. 11.30 бітті деп есептелсін.

Қосымша: 2015 жылғы 9 желтоқсандағы өзгерістерді есепке ала отырып 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі 2 парақта.

Комиссия төрағасының м.а.:

А.Т. Қадырбеков



Комиссия мүшелері:


С.К. Сабырбаева



Н.Ғ. Айғараев



Д.А. Нұрқанов



Е.Е. Арпабаев



М.Ж. Орынбаев



Т.А. Лигай



Е.А. Қиялбеков



Комиссия хатшысы:

Н.М. Иманбаев

